

«Бекітілді»

«Рахат» жекеменшік  
балабақшасының директоры

Бисенова С.М.

Бисенова

2021 ж.



**«Рахат» жекеменшік балабақшасының  
2021-2022 оқу жылына арналған  
ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

Атамекен селосы

## ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

### I. КІРІСПЕ

- 1.1. Мектепке дейінгі мекеме туралы мәлімет және 2021-2022 оқу жылының есебі.
- 1.2. Балабақша паспорты.
- 1.3. Жоспарлауда ескерілетін негізгі дерективті құжаттар.
- 1.4. 2021-2022 оқу жылының мақсат міндеттері

### II. КАДРМЕН ЖҰМЫС.

- 2.1. Педагогтердің сапалық құрамы.
- 2.2. Педагогтердің іскерлік біліктілігін көтеру.
- 2.3. Бір жылға арналған іс шаралар кестесі.
- 2.4. Мамандармен жұмыс.
- 2.5. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары.
- 2.6. Тіл туралы заңның орындалысы туралы іс – шаралар.
- 2.7. Бала құқығы туралы іс – шаралар жоспары.

### III. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

- 3.1. Әдістемелік бөлме жұмысы.
- 3.2. Педагогикалық кеңестер.
- 3.3. Ашық көрсетілімдер.
- 3.4. Кеңестер.
- 3.5. Жас мамандарға жұмыс жоспары.
- 3.6. Шығармашылық топ жұмысының жоспары.
- 3.7. Әдістемелік отырыстың жұмыс жоспары.

### IV. БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ

- 4.1. Оқу тәрбие жұмысына бақылау және басқару.
- 4.2. Өндістік жиналыс.

### V. БАҚЫЛАУ МЕН БАСШЫЛЫҚ

- 5.1. Балалардың өмірімен денсаулығын қорғау.
- 5.2. Жолда жүру ережесін бұзбаудың алдын алу іс – шаралар жоспары.
- 5.3. Мектеппен байланыс жоспары.
- 5.4. Ата – анамен жұмыс жүргізу жоспары.
- 5.5. Ұйымдастыру – педагогикалық жұмыстар.

### VI. ӘКІМШІЛІК – ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАР.

- 6.1. Санитарлық – ағарту жұмыстары.
- 6.2. Төтенше жағдайлар бойынша іс – шаралар жүргізу.

### VII. МАТЕРИАЛДЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ НЫҒАЙТУ

### VIII. ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ ШАРАЛАРЫ

## 1.1. БАЛАБАҚША ЖАЙЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ ЖӘНЕ 2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЕСЕБІ

2021-2022 оқу жылын «Рахат» жекеменшік балабақшасының директоры Бисенова С.Р. педагог мамандармен кеңесе отырып, балабақшадағы оқыту мен тәрбие жұмысы Мемлекеттік Стандартқа сәйкестендіріліп құрылып, «Оқу тәрбие үрдісінде жаңа педагогикалық әдіс тәсілдердің тиімдісін қолдана отырып, балаларға тиімдіде нәтижелі білім беру, адамгершілік қасиеті бар азамат тәрбиелеу» тақырыбымен жаңа оқу жылы басталған болатын.

Осы мәселені шешу үшін алға мынадай мақсат қойылды: балалардың денсаулығын нығайтып, толыққанды дене бітімін дамыту, олардың өз бетімен танымын жетілдіру, ақыл – ой, шығармашылық, сөйлеу қабілеттерін және тіл байлығын дамытуда жаңа инновациялық технологияларды жұмыс барысында пайдалану, өз денгейінде жүргізу.

Көрсетілген мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды:

- Үш тұғырлы тілді енгізу, балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру;
- Балалардың бойында эстетикалық сезімдерін дамыту;
- Бейнелеу, көркемдік тілдік іс – әрекет шығармашылық қабілеттерін дамыту;

Жыл бойына алдымызға қойған мақсат міндетімізді орындау мақсатында көптеген жұмыстар жүргізілді.

2021-2022 оқу жылында мектеп жасына дейінгі балалардың жастарына сәйкес 8 топта 13 тәрбиеші жұмыс жасады.

Жалпы балабақшамыз қазақ тілінде жұмыс жасайды. Балабақшада тәрбиешілерден бастап жеке пән мұғалімдері оқу қызметтерін жоспар бойынша өткізді. Жеке пәндерді атап кететін болсақ: аң-күй, орыс тілі, өзін-өзі тану мамандары.

Балабақша педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етілген. Педагогикалық ұжымда 17 педагог мамандар жұмыс жасайды. Мамандардың санаты бойынша мәлімет 1-кестеде көрсетілген.

Барлығы	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санатсыз
18	3	1	2	12

Педагог мамандардың білімі бойынша мәліметі екінші кестеде көрсетілген.

2 – кесте.

Барлығы	Жоғары	Арнаулы орта	Аяқталмаған жоғары	Аяқталмаған орта
18	3	15	1	-

Жылдық жоспар бойынша іскерлік біліктілікті көтеру, оқу жылы бойында 5 педагогикалық кеңес жас мамандармен жұмыс, тәрбиешілерге кеңестер, оқу процесі ұжымдық түрде бақылау, мерекелік шаралар, сайыстар, аудандық байқаулар, мектеппен байланыс және ашық оқу қызметтер, жалпы ата-аналармен жиналыстар, өндірістік жиналыстар, ата – аналармен өткізілетін шаралар, құқықтық білімді сауаттандыру өткізілді.

Балабақшада әдістемелік отырыстар өткізілді. Әдістемелік отырыста тәрбиешілер дайындалған баяндамаларға байланысты пікірталас, дөңгелек үстел үстінде талқыланған баяндамаларға, кеңестерге байланысты өз ойларын ашық айта білді. Сонымен бірге әдістемелік отырыстарда ойын-сауық, ертеңгіліктер, төтенше жағдайларға байланысты өткізілген оқу қызметтердің қорытындылары талқыланып шешімдері шығарылды.

Оқу процесінде бақылау мен басшылық балабақша директорымен және әдіскерімен қадағаланып отырды. Жалпы оқу процесіндегі педагогтардың мақсаты балалардың сапалы оқу процесін қамтамасыз ету болып табылды. Бұл тексеру кезінде тәрбиешілер өз деңгейлерін көрсете білді.

Балабақшада педагог мамандар бүлдіршіндерін балабақша ішілік және аудан аралық сайыстарға қатысып отырды. Балабақша жоспарына сай ертеңгілік, ойын-сауықтар дайындап отырды. Балабақша ішілік ертеңгіліктерді ән-саз жетекшісі тәрбиешілерімен ұйымдастырып «Алтын күз», «Жаңа жыл», «8-наурыз», «22-наурыз», «1 Мамыр», «9- Мамыр», «Қош бол, балабақша» ертеңгіліктерін өткізді. Бұл ертеңгіліктерге аға-аналар, қонақтар, қатысып ризашылығын білдіріп кетті. Оқу тәрбие жұмысында тәрбиешілер жаңаша бағдарламамен жұмыс атқара отырып жақсы жетістіктерге қол жеткізе алды.

## **1.2 БАЛАБАҚША ПАСПОРТЫ**

**«Рахат» жекеменшік балабақшасы**

**Пошталық индексі: 130006**

**Жоба қуаттылығы: 200 орындық**

**Тіл оқыту: (қазақша, орысша, аралас) қазақша**

**Ғимарат түрі - 2 кабатты**

**Жер көлемі - 1362,9 ш.м**

**Құрылыс салынған алаңы - 995,4 ш.м**

**Ғимарат көлемі - 861,8 ш.м**

**Қолдануға берілген жылы - 13 желтоқсан 2013ж**

### 1.3 ЖОСПАРЛАУДА ЕСКЕРІЛЕТІН НЕГІЗГІ ДЕРЕКТІВТІ ҚҰЖАТТАР

№	Құжат атауы	Құжаттардағы бұйрықтардың бағыты мен нәтижесі
1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 11 шілде 1997ж №151-1	Балаларға Мемлекеттік тілде меңгеруде жағымды жағдай жасау, сонымен қатар басқа ұлт балаларымен өз тілінде қарым – қатынас жасап сөйлеуге мүмкіндіктер туғызу.
2	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 27 шілде 2007ж	«Заңның» орындалу жұмыстарын ұйымдастыру, орындалуды қамтамасыз ету мен жасалынатын жұмыс сапасын, оқу әдістемелік құралдармен толық қамтамасыздандыру.
3	«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» Астана 2012	Дамытушы органы ұйымдастыру. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламасының базалық мазмұнына негізгі талаптарды белгілейді.
4	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі	Ұжымдағы өзара қарым – қатынасты реттейді. Қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша жұмысты қамтамасыз етеді.
5	Қазақстан Республикасының «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» 21 шілде 2007ж №306	Ойыншықтардың сапасын қадағалау.
6	«МДҰ-да бала өмірін және денсаулығын қорғау» нұсқаулығы (Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 13.01.1998 жылғы №14 бұйрығы)	Бала өмірін және денсаулығын қорғау бойынша жұмысты, бала дене бітімінің дамуын, эмоционалдық және психикалық дамуын қамтамасыз ету.
7	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 8 тамыз 2002 жыл №345	Балалардың балабақшада толыққанды дамуы мен тәрбиеленуіне жағдай жасау, әр баланың өмірімен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету.

#### 1.4. 2021- 2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАҚСАТ МІНДЕТТЕРІ

<i>№</i>	<i>Міндеттер</i>	<i>Күтілетін нәтиже</i>
1	Мектепке дейінгі жастағы балалардың бойына рухани құндылықтары мен адамгершілік сезімдерін және тіл қатынасын қалыптастыру.	Балалардың танымдық қабілеттерін және тілін дамыту , қалыптастыру.
2	Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы, мүмкіншілігін тереңірек зерттеу.	Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету.

## 2.2. ПЕДАГОГТЕРДІҢ ІСКЕРЛІК БІЛІКТІЛІГІН КӨТЕРУ

№	Іс - шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Тәрбиешілерді біліктілік арттыру курстарына жіберу	Жыл бойы	Менгеруші
2	Жас педагогтермен жұмыс жүргізу	Жыл бойы	Менгеруші, әдіскер
3	Әдістемелік біліктілік жұмысына қатысу	Жыл бойы	Менгеруші, әдіскер
4	Басылымдарға жазылуды ұйымдастыру	Қыркүйек, мамыр	Әдіскер
5	«Әдеби сөзді қолдану арқылы мектепке дейінгі сәби балалардың сөйлеу активтендіру»	Жыл бойы	Әдіскер
6	«Дидактикалық ойындар арқылы бала тілін дамыту».	Жыл бойы	Педагогикалық ұжым
7	Аттестациядан өту жоспарын құру	Мамыр	Менгеруші
8	Педагогтердің жеке өтiнiшi бойынша аттестациядан өткізу	Жыл бойы	Менгеруші
9	«Балаларды шынықтыру процедураларына үйрету».	Жыл бойы	Медбике
10	Жоғарғы оқу орындарына, арнайы оқу орындарда сырттай оқу	Оқу жылы	Менгеруші, әдіскер



## 2.4. МАМАНДАРМЕН ЖҰМЫС

№ р/с	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	ҚР нормативтік құжаттарымен және елбасы Н.Ә. Назарбаевтың жыл сайынғы Жолдауымен таныстыру.	үнемі	директор
2	Елімізде және шет елде болып жатқан маңызды оқиғалармен танысып отыру.	үнемі	әдіскер
3	Білім жетілдіру курстары және жетістіктер апталығына қатысу арқылы педагогтардың оқып білімін жетілдіруін қамтамасыз ету.	үнемі	әдіскер
4	Қалалық, облыстық курстарға, семинарларға, жарыстарға жүйелі түрде қатысып отыру.	үнемі	әдіскер
5	Жаңа әдістемелік әдебиеттерге, БАҚ-на шолу, газет-журналдарға жазылуды ұйымдастыру.	Үнемі	директор әдіскер
6	Педагогтарды аттестаттау срежелерімен қажеттілігіне қарай таныстыру.	қыркүйекте	Директор С.Р.Бисенова
7	Жаңадан жұмысқа қабылданған педагогтардың шығармашылық тақырыптарын бекіту. Лауазымдық міндеттерімен таныстыру.	қажеттілігіне қарай	директор
8	Қаламыздың құрметті азаматтарымен кездесі	Жылына 1 рет	әдіскер
9	Жаңа технология бойынша жұмыстанып жатқан педагогтарға кеңес	V	саз жетекшісі

## 2.5. Аттестаттау комиссиясының жұмыс жоспары

№	Іс – шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Аттестатталуға өтініш берген педагог-тәрбиешілердің тізімін жасау және бекіту	10 қыркүйекке дейін	Аттестаттау комиссиясының төрайымы
2	2018-2019 оқу жылындағы аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту	IX	Директор
3	Аттестатталушы педагог – тәрбиешілерді педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережесімен таныстыру	6 қазанға дейін	Аттестаттау комиссиясы
4	Аттестаттау комиссиясының жұмысы: а) аттестатталушы педагог-тәрбиешілермен әңгімелесу ә) Бірінші кезең – біліктілік тестілеуден өту б) Шығармашылық есебін тыңдау Педагог – тәрбиеші жұмысының диагностикалық картасын толтыру Нәтиже: аттестатталушының шығармашылық папкасы	X-XI	Аттестаттау комиссиясы
5	Аттестаттау комиссиясының жұмысы: - Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысу - Іс-құжаттар папкаларымен танысу - Диагностикалық картасын жүргізу - Аттестаттау парағын толтыру - Аттестатталушыны аттестаттау материалымен таныстыру - Комиссияның қорытынды отырысы (аттестатталушы педагог-тәрбиеші туралы қорытынды шешім қабылдау)	XII - III  Ақпан айы 2022 ж.  Наурыз айы 2022ж.	Аттестаттау комиссиясы

## 2.6. ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢНЫҢ ОРЫНДАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ІС - ШАРАЛАР

**Мақсаты:** Өз Отаны мен тұған өлкесіне сүйіспеншілігін, мемлекеттік рәміздерге құрметпен, қоршаған орта, отбасы, түрлі ұлт өкілдеріне адамгершілікпен қарауға тәрбиелеу

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Балабақшадағы қабылдау бөлмесіндегі атаулардың мемлекеттік тілде жазылуын, іс жүргізу мемлекеттік тілде өтілуін қадағалау.	Үнемі	Директор Бисенова С.Р.
2	Балабақшадағы әзірленетін бұйрықтар, хабарландыру, ақпараттардың мемлекеттік тілде әзірленіп жариялануын қадағалау.	Жыл бойына	Тәрбиешілер, ән-саз жетекшісі
3	«Қыркүйекте—Тіл мерекесі» апталығы «Ана тілім - мақтанышым» ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жөніндегі әдістемелік ұсынымдардың орындалуы: - Әр баланың ән ұранды білуі; - Әр рәміздің мазмұнын аша білуі;	«20-24 Қыркүйек Тіл мерекесі» апталығы	Әдіскер Топ тәрбиешілері
4	Әдістемелік кабинетті қазақ тіліндегі әдебиеттермен және жаңа ұлттық ойындармен толықтыру.	жыл ішінде	Әдіскер тәрбиешілер
5	Облыстық өлкетану мұражайына саяхат ұйымдастыру.	жыл ішінде	Әдіскер
6	«Ана тілім - мақтанышым», «Тіл бар болса, мен бармын!» т.б тақырыптарға ашық оқу қызметтері	Токсан сайын	Тәрбиешілер
7	Менің Отаным – Қазақстан	Балалар арасында мәнрлеп оқу сайысы	Әдіскер, ересек, МАД топ тәрбиешілері
8	Қазақстан Республикасының Конституция күні шарасын өткізу	тамыз	Әдіскер, тәрбиешілер, Саз жетекшісі
9	«Қазақтың тұрмыс-салт дәстүрлері» атты альбомдар дайындау	Наурыз	Тәрбиешілер

## 2.7. БАЛА ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ ІС – ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Жұмыс мазмұны	Жүзделісі түрі	Мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналарды «Бала құқығы туралы» конвенциямен таныстыру	Кеңес	Қыркүйек	Меңгеруші
2	«Бала және оның құқығы»	Баяндама	Қараша	Иманбаева Ж.
3	«Балалардың құқықтары»	Тәрбие сағаты	Ақпан	Ересек, МАД топ тәрбиешілері
4	«Бала құқығы асыл қазына»	Дөңгелек үстел	Сәуір	Әдіскер

## ІІІ. ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫСТАР

### 3.1. ӘДІСТЕМЕЛІК БӨЛМЕ ЖҰМЫСЫ

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Кабинетті конспектілермен, әдістемелік жоспарлар, әдебиеттер, сценарийлармен жабдықтауды жалғастыру.	жыл бойына	Әдіскер
2	Кабинетті жаңа оқу жылына дайындау.	VIII, IX	Әдіскер
3	<p>Жасақтау:</p> <p>а) - лән пән мұғалімдері жүргізетін сабақ кестесін;                      - «Оқу жылына ең жақсы дайындық» байқауының шартын;                      - жоспарлау бойынша ұсыныстарды;                      - сауықтыру жұмысы бойынша ұсыныстарды.</p> <p>б) тәрбиешілерге арналған жаднама:                      - кешенді сауықтыру;                      - оқу аймағын жабдықтау.</p> <p>в) ілгерілемелі жоспарлар:</p>	IX	әдіскер
4	<p>- ересектер тобында «Өзін-өзі тану» бағдарламасы бойынша;                      - сәбилер тобында «Балбөбек» бағдарламасы бойынша.                      - жас ерекшеліктері бойынша әдебиеттерді толықтыру.</p>	X	әдіскер
5	«Отбасы және балабақша», «Мектепке дейінгі тәрбие », «Балдырған», «Өзін-өзі тану» журналдары бойынша картотеканы ресімдеу.	IX	әдіскер

### 3.2. ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	<p>№1 педагогикалық кеңес «Жаңа оқу жылы» Мақсаты : Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысының қорытындысы және жаңа оқу жылына оқу-тәрбие үрдісінің нұсқасын әзірлеу.</p> <p>1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу – қызмет кестесін бекіту</p> <p>2. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмысын қорытындылау</p> <p>3 Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік танымын Дамыту</p> <p>4. Тәрбиешінің шығармашылық тақырыптарын бекіту</p> <p>№2 педагогикалық кеңес Дөңгелек үстел «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан – жақты дамуына жағдай тудызу» Мақсаты: балабақшадағы сауықтыру – шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру.</p>	Тамыз	<p>Менгеруші Бисенова С.Р.</p> <p>Медбике Наурызбаева Қ.О.</p> <p>Әдіскер</p> <p>Әдіскер</p>
2	<p>1. №1 педагогикалық кеңесінің шешімдерінің орындалуы.</p> <p>2. Мектепке дейінгі жастағы балалардың салауатты өмір сүруін қалыптастыру.</p> <p>3. Оқу қызметтердегі дидактикалық ойындардың бала денсаулығына пайдасы Баяндама</p> <p>4. «Денсаулық сатысы» іскерлік ойын</p> <p>№3 педагогикалық кеңес «Мектеп жасына дейінгі балалардың тіл белсенділігін, шығармашылығын дамытуда үштілділік күзіндеттіліктерін қалыптастыру» Мақсаты: Баланың шығармашылық ойлау мәдениетінің негізі ретінде оның сезімдік-эмоциялық саласы мен қиялын дамыту.</p>	Желтоқсан	<p>Менгеруші Бисенова С.Р.</p> <p>Медбике Наурызбаева Қ.О.</p> <p>Әдіскер</p> <p>Медбике Наурызбаева Қ.О.</p>
		Қаңтар	

<p>1. Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы</p> <p>2. «Үштілдік заман талабы» баяндама</p>	<p>Менгеруші Бисенова С.Р. Әдіскер</p>
<p>3. «Балалардың үштілдік құзыреттілігін дамытуда сюжетті-рөлді ойындардың маңыздылығы»</p>	<p>Тәрбиеші: Суюншалиева Р.</p>
<p><b>№4 педагогикалық кеңес</b> «Мәңгілік ел» Рухани жаңғыру <b>Мақсаты:</b> «Мәңгілік ел» ұлттық идеясын іске асыруда балалардың бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. 1. Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы. 2. Бірлігі жарасқан – Қазақстан баяндама 3. «Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі рөлі»</p>	<p>Наурыз</p> <p>Менгеруші Биенова С.Р. Тәрбиешілер Тәрбиешілер</p>
<p><b>№5 педагогикалық кеңес Қорытынды</b> <b>Мақсаты:</b> Педагогикалық іс-әрекетінің тиімділігі, өнімділігі. 1. Өткен кенестің шешімдерінің орындалуы. 2. Оқу – тәрбие жұмысының талдауы</p>	<p>Мамыр</p> <p>Менгеруші Бисенова С.Р.</p> <p>Тәрбиешілер</p>
<p>3. «Біздің жетістігіміз» - тәрбиешілердің өткізген жылдық жұмыстарының есебі</p>	<p>Тәрбиешілер</p>
<p>4. Жазғы-шынықтыру кезеңіне дайындық</p> <p>5. Жаңа оқу жылына дайындық</p>	<p>Шаруашылық меңгерушісі Аязбаев Жалғаспай Менгеруші: Бисенова С.Р.</p>

### 3.3. АШЫҚ КӨРСЕТІЛІМДЕР

№ р/с	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	«Менің балақшам» ашық оқу – қызметі «Еркеназ» МАД тобы	XI	Тәрбиеші Нурмуханбетова Ж.
2	Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру	III	Тәрбиеші Бисенова Даметкен
3	«Ж дыбысы және әрпі» Ашық оқу - қызметті МАД тобы	III	Тәрбиеші Нурбергенова Динара
4	«Түрлі түсті жапырақтар» оқу қызметі II кіші топ	X	Тәрбиеші Курмашева Замира
5	«Тәуелсіздік төрімде» II кіші топ ортаңғы топ	XII	Тәрбиеші Тахырова Назым
6	«Ынтымақ мерекесі»	V	Тәрбиеші Иманбасва Жайнагуль
7	«Сүйікті қалам-Ақтау»	III	Суюншалиева Р.К.
8	«Мен және менің отбасым»	IV	Тореева Гульнур

### 3.4. КЕҢЕСТЕР

№	Тақырыбы	Уақыты	Жауаптылар
1	Педагогикалық процесті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалану	үнемі	Әдіскер
2	Тәрбие бастауы-балабақшада.	қыркүйек	Педагог-психолог
3	Бала тәрбиесінде ұлттық ойындардың пайдасы	қазан	әдіскер
4	Сөздік жұмыс арқылы балалардың тілі мен ойлауын дамытудың жолдары	қараша	Тәрбиешілер
5	Дені сау ұрпақ – мемлекет байлығы	Қаңтар	Тәрбиешілер
6	Бейнелеу өнерінде дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілетін арттыру	Ақпан	Тәрбиешілер
7	Баланың таным күзiретiлiгiн, дүниетанымын кенейту	Наурыз	Тәрбиешілер
8	Балабақшада үш тiлдi меңгеру – жарқын болашақтың кепiлi	Сәуiр	әдіскер
9	Бала денсаулығымен өмiрiне қауiп келтiрушi жағдайлардың алдын алу	Сәуiр	Медбике
10	Тiлдi дамытудың тәсiлдерi мен әдiстерi	Мамыр	Әдіскер
11	Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Мамыр	әдіскер Тәрбиешілер
12	Жазғы сауықтыру iс – шараларын ұйымдастыру	Маусым	Тәрбиешілер

### 3.5. ЖАС МАМАНДАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҮМЫС ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар мазмұны	Іске асыру түрлері	Жауапты
1	Жас (жаңадан қабылданған) педагогтармен, педагогикалық қонақжайлық жұмыс бағытын анықтау үшін әңгімелісу	Жыл бойы	Меңгеруші
2	Топтардағы құжаттарды рәсімдеу бойынша әдістемелік көмек көрсету	қыркүйек	Әдіскер
3	Жаңа бағдарламаларды енгізу бойынша кеңестер	қыркүйек	Меңгеруші әдіскер
4	Оқу кеңестерге дайындық бойынша кеңестер	Жыл бойына	Әдіскер тәлімгер
5	Ата – аналармен жұмыс жүргізу бойынша кеңестер	Жыл бойына	Тәлімгер
6	Ұйымдастырылған педагогикалық шараларды жүргізу бойынша әдістемелік көмек көрсету	Жыл бойына	Тәлімгер

### Жас мамандармен жүргізілетін байқаулар жоспары

№	Іс-шара мазмұны	Іске асыру түрі	Мерзімі	Жауапты
1	«Үздік жас маман-2022ж.»	Балабақша ішілік байқау	Сәуір 24.04 - 15.04	Әдіскер білікті педагог